

2-бап

Университет заңды тұлға мәртебесі бар мемлекеттік емес оқу орны болып табылады және өз қызметін осы Келісім ережелеріне, Университет Жарғысына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

Тараптар Университеттің мүліктік кешені мен барлық материалдық және интеллектуалдық меншіктері оның жеке меншігі болып табылатындығына және Университет Жарғысында көзделмеген мақсаттарға пайдаланылмайтындығына келісті.

3-бап

Университет қызметін қаржыландыруды оның Құрылтайшылары жүзеге асырады, оларды Тараптар төмендегідей жолмен белгілейді:

Египет тарабы өзі тағайындайтын оқытушылар құрамына және басқа да қызметкерлерге еңбекақы төлеуді қамтамасыз етеді.

Қазақстан тарабы өзі тағайындайтын қызметкерлерге еңбекақы төлеуді қамтамасыз етеді.

Қазақстан тарабы инженерлік коммуникацияларды (электр-жылу-сумен жабдықтау, канализация) пайдалануға және ғимараттарды күтіп ұстауға байланысты шығыстарды өтеуді де қамтамасыз етеді.

4-бап

Университет Қазақстан Республикасында қабылданған білім беру стандарттарына, сондай-ақ осы Келісім ережелеріне сәйкес оқу жоспарларын, оқыту бағдарламалары мен әдістемелерін әзірлейді.

5-бап

Жалпы басшылық ету мен Университет қызметін үйлестіруді қамтамасыз ету мақсатында Тараптар Қамқоршылық кеңесін құрады. Қамқоршылық Кеңесінің құзыретіне Университеттің қаржы, мәдени және білім беру саясатын қалыптастыру мәселелері енеді. Қамқоршылық Кеңесі қызметке тағайындау және қызмет мерзімінің аяқталуының жағдайлары мен ережелерін, Университеттің оқытушылық және техникалық персоналы мүшелеріне екі елде қабылданған заңдар мен ережелерге сәйкес еңбекақы көлемін анықтайтын Университеттің Жарғысын әзірлейді. Қамқоршылық Кеңесі оқыту әдістемесін, Университеттің ішкі күн тәртібін, дипломдарды және ғылыми дәрежелер мен атақтарды берудің, оларды Қазақстан Республикасының

стандарттарына сәйкес келтірудің ережелерін, Университет қызметі үшін қажет қаржыландыру жолдары мен қаржы бөлу нысандарын анықтайды және бекітеді, сондай-ақ Университет бюджетін дайындау стратегиясын әзірлейді және оны бекітеді.

6-бап

Қамқоршылық кеңесі төмендегідей жолмен құрылады:

Қазақстан Республикасы тарабынан:

1. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі - тең төраға ;
2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі - мүше;
3. Қазақстанның Мұсылмандары діни басқармасының Бас Мүфтиі - мүше;
4. Алматы қаласының Әкімі - мүше;
5. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер Вице-Министрі - мүше;
6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі кеңес хатшылығының басшысы - мүше;
7. Әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Ұлттық университетінің ректоры - мүше ;
8. Абылай хан атындағы Қазақ Мемлекеттік әлем тілдері және халықаралық қатынастар университетінің ректоры - мүше.
9. Қазақстан Республикасының Египет Араб Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшісі - мүше;

Египет Араб Республикасы тарабынан:

1. Египет Араб Республикасының Вакуфтар министрі - тең төрағасы;
2. Египет Араб Республикасының Мүфтиі - мүше;
3. "Әл-Азхар" университетінің ректоры - мүше;
4. Әл-Азхардың уәкілі - мүше;
5. Каир университетінің ректоры - мүше;
6. Египет Араб Республикасының Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі - мүше ;
- 7 -8-9. Египет Араб Республикасы Вакуфтар министрінің қарауына қарай үш көрнекті қоғам қайраткері - мүшелер.

7-бап

Университет ректорын және проректорын Университет Жарғысымен белгіленетін мерзімге Қамқоршылық Кеңесі тағайындайды.

Университет ректоры болып Египет Араб Республикасының азаматы, проректоры болып - Қазақстан Республикасының азаматы тағайындалады.

8-бап

Қазақстан тарабы Университеттің египеттік оқытушылары мен техникалық персоналын, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерін құқықтық қорғауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қамтамасыз етеді.

9-бап

Университеттің египеттік оқытушылары және техникалық персоналы, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері келуге және кетуге қатысты визалық алымдарды, тұрмыстық жабдықтар мен жеке қолданыстағы басқа да заттарды әкелуге/әкетуге қатысты кеден баждары мен салықтарды төлеуден Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес б о с а т ы л а д ы .

Египет Араб Республикасы азаматтарының қатарынан египет тарапы тағайындайтын университеттің оқытушы және техникалық персоналының еңбекақылары мен университеттің жарғылық қызметіне арналған грант қаражаты есебінен жүзеге асырылатын басқа да ақшалай төлемдер Қазақстан Республикасында төлем көздерінен ұсталатын жеке тұлғалардың табыс салығын төлеуден босатылады.

10-бап

Египеттік оқытушылық және техникалық персонал мүшелері, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері Қазақстан Республикасының заңдарын сақтауға міндеттенеді.

11-бап

Қазақстан тарабы египеттік оқытушылық және техникалық персоналға және олардың отбасы мүшелеріне Египет тарабы есебінен Қазақстан Республикасында тұрғын үй таңдауға және жалға алуға көмек көрсетеді, сондай-ақ египеттік персоналға Қазақстан Республикасының осындай санаттағы азаматтарына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көзделген шарттармен медициналық көмек көрсетуді қамтамасыз етеді.

12-бап

Тараптар өкілеттік мерзімі үш жыл және Университет Жарғысына сәйкес оны жаңарту мүмкіндігі қарастырылған Университет кеңесін құруға келісті.

13-бап

Осы Келісім ережелерін қолдануда немесе түсіндіруде қандай да бір келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды келіссөздер, достық ишара арқылы немесе өздері уағдаласқан басқа да тәсілдермен шешетін болады.

14-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағандығы туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді.

Келісім шектеусіз мерзімге жасалады және оған осы Келісім сияқты мемлекетішілік рәсімдер жүргізілетін әрі оның ажырамас бөліктері болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

15-бап

Тараптар Келісім бойынша қажетті мемлекетішілік рәсімдер жүргізілгенге және ол заңды күшіне енгеніне дейін, оқу процесін 2001-2002 оқу жылында бастау үшін, әрқайсысы Келісімге қол қойылған кезден бастап, осы Келісімнің 1 және 3-баптарында көзделген міндеттемелерін орындауға келісті.

Алматы қаласында 2001 жылғы 18 маусымда, әрқайсысы қазақ, араб және ағылшын тілдерінде екі түпнұсқа дана болып жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Египет Араб Республикасының

Үкіметі үшін

Келісімге қосымша

"Нұр-Мұбарак" Египет Ислам мәдениеті
университеті

мүліктерінің тізімі 1. Университет ғимараты:

Факультеттің 2 қабаты			
1.	Гардероб,	киім ілгіш - жиынтық түрде -	4;
2.	Үстел -	1 дана;	
3.	Лингафондық	сынып:	
	Парта	- 17	дана;
	Орындықтар	- 34	дана;
	Шкаф	- 4	дана;
	Оқытушы үстелі	- 1	дана;
	Оқытушы орындығы	- 1	дана;

Үстел - 1 дана ;

Тақта - 1 дана ;

Люстра (жиынтық түрде) - 1 дана.

4 . Сынып (8 бөлме) :

Парта - 8 дана ;

Орындық - 16 дана ;

Оқытушы үстелі - 1 дана ;

Оқытушы орындығы - 1 дана ;

Үстел - 1 дана ;

Шкаф - 2 дана ;

Тақта - 1 дана ;

Люстра (жиынтық түрде) - 1 дана.

5 . Асхана :

Үстел - 1 дана ;

Шкаф - 1 дана ;

Қолжуғыш - 1 дана ;

Люстра (жиынтық түрде) - 1 дана.

6 . Гардероб :

Киім ілгіш - жиынтық түрде 4 ;

Үстел - 1 дана ;

Люстра (жиынтық түрде) - 1 дана.

7 . Әйелдер әжетханасы :

3 адамға арналған жиынтық түрінде (қақпағы жоқ);

бедесі және қол жуғышы бар унитаз - 1 ;

Қолжуғыш - 2 дана.

8. 2 адамға арналған ерлер әжетханасы (қақпағы жоқ):

Писсуар - 2 дана ;

Қолжуғышы бар қақпақсыз унитаз - 1 дана ;

Қолжуғыш - 2 дана ;

Люстра (жиынтық түрде) - 1 дана ;

Шаруашылық қажетіне арналып жабдықталған орын;

Қолжуғыш - арнаулы жуғыш.

Бірінші қабат

Гардероб - (2-қабаттағы сияқты):

а) Әйелдер әжетханасы;

Унитаз - 4 дана (қақпақсыз);

Қолжуғыш - 2 дана ;

б) Ерлер әжетханасы:

Унитаз - 2 дана (қақпақсыз);

П и с с у а р - 2 д а н а ;
Қ о л ж у ғ ы ш - 2 д а н а ;
Шаруашылық қажетіне арналып жабдықталған орын
(2-қабаттағы сияқты)

О қ ы т у ш ы б ө л м е с і :
Оқытушы үстелі - 6 дана (әкімшілік);
Оқытушы орындығы - 8 дана (әкімшілік);
Қонаққа арналған үстел - 1 дана;
Кітапқа арналған шкаф - 3 дана (аспалы);
Люстра (жиынтық түрде) - 1 дана.

Д е к а н к а б и н е т і :
Кітапқа арналған шкаф - 2 дана (аспалы);
Әкімшілікке арналған орындық - 3 дана + 2 дана;
Әкімшілікке арналған үстел - 1 дана - 2 дана (үлкен);
Жазу машинкасына арналған үстел - 1 дана;
4 есікті әйнекті шкаф - 1 дана + 1 дана;
2 орынды диван - 2 дана;
К р е с л о - 4 д а н а ;
Қонақтарға арналған үстел - 2 дана (үлкен);
2 есікті әйнекті шкаф - 1 дана;
Терімен қапталған кресло - 1 дана;
Кішкентай үстел - 1 дана.

М ә ж і л і с б ө л м е с і :
Ү л к е н ү с т е л - 1 д а н а ;
Әкімшілікке арналған үстел - 13 дана.

Қ а б ы л д а у б ө л м е с і :
Тексерушілерге арналған үстел - 2 дана;
Әкімшілікке арналған орындық - 2 дана;
4 есікті шкаф - 2 дана (әйнекті);
3 есікті шкаф - 1 дана (әйнекті);
2 орынды диван - 2 дана;
К р е с л о - 4 д а н а ;
Қонақтарға арналған үстел - 2 дана (үлкен).

Әкімшілікке арналған кабинет:
Әкімшілікке арналған үстел - 2 дана;
Әкімшілікке арналған орындық - 4 дана;
Кітап шкафы - 3 дана (аспалы);
Қонақтарға арналған үстел - 1 дана.

К і т а п х а н а :

П а р т а - 9 дана ;

Студенттерге арналған үстелдер - 18 дана;

Кітап шкафы - 4 дана (арқа қапталы жоқ);

Құжаттарға арналған 2 есікті әйнекті шкаф - 9 дана;

Люстра (жиынтық түрде) - 1 дана.

1 - м ұ р а ғ а т :

П а р т а - 2 дана ;

Әкімшілікке арналған орындық - 2 дана;

2 есікті әйнекті шкаф - 2 дана.

2 - м ұ р а ғ а т :

П а р т а - 2 дана ;

Әкімшілікке арналған орындықтар - 2 дана;

2 есікті әйнекті шкаф - 4 дана;

Кітап шкафы - 1 дана (арқа қапталы жоқ);

Әкімшілікке арналған кабинет:

2 есікті шкаф - 6 дана (ағаш);

П а р т а - 6 дана ;

Әкімшілікке арналған орындық - 8 дана;

Қонаққа арналған орындық - 1 дана;

Люстра (жиынтық түрде) - 1 дана.

Л и н г а ф о н д ы қ к а б и н е т і :

2-қабаттағы сияқты жарақталған.

Б а й л а н ы с б ө л м е с і :

Ж ұ м ы с ү с т е л і - 1 дана ;

Әкімшілікке арналған орындық - 1 дана;

Өртке қарсы белгі беру құралы - жиынтық түрде - 1;

Байланысқа арналған жәшік - 1 дана.

А с х а н а :

2 есікті ағаш шкаф - 1 дана ;

А с ү с т е л і - 2 дана ;

Қонақтарға арналған үстел - 2 дана;

О р ы н д ы қ т а р - 5 дана ;

2 есікті шкаф - 1 дана.

2. Имамдар үйі

1 қ а б а т :

Санитарлық жүйе жиынтығы;

Унитаз - 1 дана (қақпағы бар);
Қолжуғыш - 1 дана (жиынтық түрде);
Ванна - 1 дана (жиынтық түрде).

А с х а н а :

Ү с т е л - 1 дана;
2 есікті шкаф - 1 дана (ағаш);
Раковина - 1 дана (жуғыш).

Х а т ш ы б ө л м е с і :

Әкімшілікке арналған үстел - 1 дана;
Әкімшілікке арналған орындық - 1 дана;
2 есікті шкаф - 1 дана (ағаш).

Қ а б ы л д а у б ө л м е с і :

Әкімшілікке арналған орындық - 4 дана;
Қонақтарға арналған үстел - 1 дана (үлкен).

1 - к е ң с е :

Әкімшілікке арналған үстел - 1 дана;
Әкімшілікке арналған орындық - 3 дана;
Қонақтарға арналған үстел - 1 дана;
2 есікті шкаф - 1 дана (әйнекті);
Кітап шкафы - 1 дана (арқа қапталы жоқ).

2 - к е ң с е :

Әкімшілікке арналған үстел - 1 дана;
Кітап шкафы - 1 дана (арқа қапталы жоқ);
Әкімшілікке арналған орындық - 3 дана;
Қонақтарға арналған үстел - 1 дана;
2 есікті шкаф - 1 дана (әйнекті);
Факс үшін үстел - 1 дана;
2 орынды диван - 1 дана;
Кресло - 2 дана.

Санитарлық жүйе (2) үлкен:

Унитаз - 1 дана (жиынтық түрде);
Ванна - 1 дана (жиынтық түрде);
Раковина - 1 дана (жиынтық түрде).

3 - к е ң с е :

Әкімшілікке арналған үстел - 1 дана;
Әкімшілікке арналған орындық - 3 дана;
Қонақтарға арналған үстел - 1 дана (үлкен);
Кітап шкафы - 1 дана (арқа қапталы жоқ);
2 есікті шкаф - 1 дана (әйнекті);

2 қ а б а т :

1-қабаттағы сияқты санитарлық жүйе;

А с х а н а :

Тамақ үстелі - 1 дана;

Орындықтар - 8 дана;

Ыдыс-аяқтарға арналған шкаф-қабырға (стенка) - 1 дана.

Қ о н а қ б ө л м е с і :

2 орынды диван - 1 дана (ағаш);

К р е с л о ;

Қонақтарға арналған үстел - 1 дана (үлкен);

Теледидар үшін үстел - 1 дана.

А с х а н а :

2 есікті шкаф - 1 дана (ағаш);

2 деңгейлі асханалық шкаф-қабырға (стенка), төменгі бөлігі ағаш, жоғары бөлігі 3 есікті әйнекті - жиынтық түрде - 1;

Жуғыш - 1 дана;

4 есікті шкаф - 1 дана (ағаш);

Керует (140 см) - 1 дана (ағаш);

Тумбочка - 2 дана;

Үстелше - 1 дана;

Айна - 1 дана;

2-1 қабаттағы сияқты санитарлық жүйе.

3. Мешіт

К і р е б е р і с :

Аяқ киімге арналған сөре - 8 дана;

2 орынды үстел - 2 дана;

Орташа люстра - 3 дана (жиынтық түрде, жез);

Үлкен шырақ (фонарь) - 2 дана (үстел үстіне қойылатын, жез).

Ү л к е н з а л :

Мінбер - 1 дана;

Молданың үстелі - 1 дана;

Сирақты микрофон - 2 дана;

Колонка - 5 дана;

Орташа люстра - 5 дана (жиынтық түрде, жез);

Үлкен люстра - 1 дана (жиынтық түрде, жез);

Шамшырақ (кондиль) - 14 дана;

Үлкен шырақ (фонарь) - 4 дана (қабырғаға ілінетін, жез);

Кіші шырақ (фонарь) - 2 дана (қабырғаға ілінетін, жез);
Шам - 2 дана.

1 - и м а м н ы ң б ө л м е с і :

Ү с т е л - 1 д а н а ;

2 есікті шкаф - 1 дана (әйнекті);

2 бөліктен тұратын акустикалық құрал-жабдық - жиынтық.

2 - и м а м н ы ң б ө л м е с і :

2 орынды шкаф - 1 дана (әйнекті);

Ү с т е л - 1 д а н а ;

Әкімшілікке арналған орындық - 2 дана;

Аяқ киімге арналған сөре - 1 дана;

9 адамға арналған санитарлық жүйе

18 кран (жиынтық түрде).

Ә й е л д е р з а л ы :

К о л о н к а - 2 д а н а ;

Люстра - 4 дана.

3 адамға арналған санитарлық жүйе, жиынтық түрде:

Раковина - 2 дана (жиынтық түрде).

М ә ж і л і с з а л ы :

К о л о н к а - 1 д а н а ;

Люстра - 6 дана (жиынтық түрде).

2 адамға арналған санитарлық жүйе, жиынтық түрде:

Р а к о в и н а - 2 д а н а ;

Унитаз - 1 дана жиынтық түрде;

Раковина - 1 дана жиынтық түрде.

Ж е р т ө л е :

Құрал-жабдықтар (жарық, жылу, желдеткіш) жиынтық түрде;

Жылу, суды есептегіш құрал - 1 дана.

Сорғыш (насос) - 1 дана;

Ауаның қысымын реттейтін құрал - 1 дана;

Сырттағы шырақтар саны - 61;

Жапсарлас аумаққа, ғимаратқа жарық беретін прожекторлар
ж и ы н т ы ғ ы .

Ғимараттағы және аумақтағы өртке қарсы белгі беретін
құралдар жиынтығы".

Келісімге қосымша

Нұр-Мұбарак Египет Ислам мәдениеті университетінің мүліктерінің тізімі 1.

Университет ғимараты:

Факультеттің 2 қабаты

1. Гардероб, киім ілгіш - 4 компл;

Үстелдер - 1 дана;

2. Лингафон сыныбы:

Парта - 17 дана;

Үстел - 34 дана;

Шкаф - 4 дана;

Оқытушылар үстелі - 1 дана;

Оқытушылар орындығы - 1 дана;

Үстел - дана;

Тақта - 1 дана;

Шырақ (комплектілі) - 1 дана.

3. Сынып (8 бөлме):

Парта - 8 дана;

Орындық - 16 дана;

Оқытушылар үстелі - 1 дана;

Оқытушылар орындығы - 1 дана;

Үстел - 1 дана;

Шкаф - 2 дана;

Тақта - 1 дана;

(комплектілі шырақ).

4. Дәмхана:

Үстел - 1 дана;

Шкаф - 1 дана;

Қолжуғыш - 1 дана

(комплектілі шырақ)

5. Гардероб:

Киім ілгіш - 4 комплектілі;

Үстел - 1 дана;

(комплектілі шырақ)

6. Қыздар әжетханасы:

3 адамға арналған комплектілі (қақпақсыз);

1 беделі унитаз және қолжуғышымен;

Қолжуғыш - 2 дана.

7. 2 адамға арналған ерлер әжетханасы (қақпақсыз):

П и с у а р - 2 д а н а ;

Қақпақсыз қолжуғышты унитаз - 1 дана;

Қ о л ж у ғ ы ш - 2 д а н а ;

(комплектілі шырақ)

Шаруашылыққа арналған жабдықталған орын

Қол жуғыш - арнаулы жуғыш.

Б і р і н ш і қ а б а т

1 қабаттағыдай гардероб:

а / қыздар туалеті:

Унитаз - 4 дана (қақпақсыз);

Қ о л ж у ғ ы ш - 2 д а н а ;

б / ерлер әжетханасы:

Унитаз - 2 дана (қақпақсыз);

П и с у а р - 2 д а н а ;

Қ о л ж у ғ ы ш - 2 д а н а ;

2 қабаттағыдай шаруашылыққа арналған бөлме.

б / Оқытушылар бөлмесі:

Оқытушылар үстелі - 6 дана (әкімшілік);

Оқытушылар орындығы - 8 дана (әкімшілік);

Қонаққа арналған үстел - 1 дана;

Кітапқа арналған шкаф - 3 дана (арқалы);

Комплектілі шырақ.

Д е к а н к а б и н е т і :

Кітаптарға арналған шкаф - 2 дана (арқалы);

Әкімшілік орындығы - 3 дана + 2 дана;

Әкімшілік үстелі - 1 дана - 2 дана (үлкен);

Жазу машинкасына арналған үстел - 1 дана;

4 есікті әйнекті шкаф - 1 дана + 1 дана;

2 орынды диван - 2 дана;

К р е с л о - 4 д а н а ;

Қонаққа арналған үстел - 2 дана (үлкен);

2 есікті әйнекті шкаф - 1 дана;

Терімен қапталған кресло - 1 дана;

Кішкене үстел.

М ә ж і л і с б ө л м е с і :

Ү л к е н ү с т е л - 1 д а н а ;

Әкімшілік үстелі - 13 дана.

Д ә л і з :

Тексерушіге арналған үстел - 2 дана;
Әкімшілік орындығы - 2 дана;
4 есікті шкаф - 2 дана (әйнекті);
3 есікті шкаф - 1 дана (әйнекті);
2 орынды диван - 2 дана;
К р е с л о - 4 дана ;

Қонақ үстелі - 2 дана (үлкен);

Әкімшілік кабинеті:

Әкімшілік үстелі - 2 дана;
Әкімшілік орындығы - 4 дана;
Кітап шкафы - 3 дана (арқалы);

Қонақ үстелі - 1 дана.

К і т а п х а н а :

П а р т а - 9 дана ;
Студенттерге арналған үстелдер - 18 дана;
Кітап шкафы - 4 дана (арқасыз);
Құжаттарға арналған 2 есікті әйнекті шкаф - 9 дана;

Комплектілі шырақ.

А р х и ф 1 :

П а р т а - 2 дана ;
Әкімшілік орындық - 2 дана;
2 есікті әйнекті шкаф - 2 дана.

А р х и в 2 :

П а р т а л а р - 2 дана ;
Әкімшілік орындықтар - 2 дана;
2 есікті әйнекті шкаф - 4 дана;
Кітап шкафы - 1 дана (арқасыз);

Әкімшілік кабинет:

2 есікті шкаф - 6 дана (ағаш);
П а р т а - 6 дана ;
Әкімшілік орындық - 8 дана;
Қонаққа арналған орындық - 1 дана;
Комплектілі шырақ

Лингафон кабинеті:

2 этаждағыдай құрылған.

Б а й л а н ы с б ө л м е с і :

Ж ұ м ы с үстелі - 1 дана;
Әкімшілік орындығы - 1 дана;

Өртке байланысты белгі беру құралы - 1 комплект;
Байланыс жәшігі - 1 дана.

А с х а н а :
2 есікті ағаш шкаф - 1 дана;
А с үстелі - 2 дана;
Қонаққа арналған үстел - 2 дана;

Орындық - 5 дана.

2. Имамдар үйі

1 қ а б а т :
Сан. жүйе комплектісі.
Унитаз - 1 дана (қақпақты).
Қолжуғыш - 1 дана (комплектілі).
Ванна - 1 дана (комплектілі).

А с х а н а :
Үстел - 1 дана.
2 есікті шкаф - 1 дана (ағаш).
Қолжуғыш - 1 дана (жуғыш).

Х а т ш ы б ө л м е с і :
Әкімшілік үстелі - 1 дана.
Әкімшілік орындығы - 1 дана.
2 есікті шкаф - 1 дана (ағаш).

Қ а б ы л д а у б ө л м е с і .
Әкімшілік орындығы - 4 дана.
Қонақ үстелі - 1 дана (үлкен).

К е ң с е 1 .
Әкімшілік үстелі - 1 дана.
Әкімшілік орындығы - 3 дана.
Қонақ үстелі - 1 дана.
2 есікті шкаф - 1 дана (әйнек).
Кітап шкафы - 1 дана (арқасыз).

К е ң с е 2 .
Әкімшілік үстелі - 1 дана;
Кітап шкафы - 1 дана (арқасыз);
Әкімшілік орындығы - 3 дана;
Қонақ үстелі - 1 дана;
2 есікті шкаф - 1 дана (әйнек);
Факс үшін үстел - 1 дана;

2 орынды диван - 1 дана;
Кресло - 2 дана.

Сан. жүйе (2) үлкен:
Унитаз - 1 дана (комплект);
Ванна - 1 дана (комплект);
Қолжуғыш - 1 дана (комплект).

К е ң с е 3 :
Әкімшілік үстелі - 1 дана;
Әкімшілік орындығы - 3 дана;
Қонаққа арналған үстел - 1 дана (үлкен);
Кітап шкафы - 1 дана (арқасыз);
2 есікті шкаф - 1 дана (әйнекті)

2 қ а б а т :
Сан. жүйе 1 қабаттағыдай;
А с х а н а :
Тамақ үстелі - 1 дана;
О р ы н д ы қ - 8 дана;
Ыдыс-аяқтарға арналған қабырға (стенка) - 1 дана.

Қ о н а қ б ө л м е :
2 орынды диван - 1 дана (ағаш);
К р е с л о
Қонаққа арналған үстел - 1 дана (үлкен);
Телевизор үшін үстел - 1 дана.

А с х а н а :
2 есікті шкаф - 1 дана (ағаш);
2 бөлімді асхана қабырғасы (стенка), төменгі бөлігі, ағаш,
жоғары бөлігі 3 есікті әйнекті - 1 комплект;
Ж у ғ ы ш - 1 дана;
Т ө с е к - 1 , 2 , 3 ;
4 есікті шкаф - 1 дана (ағаш);
Керует 140 см - 1 дана (ағаш);
Т у м б о ч к а - 2 дана;
Ү с т е л ш е - 1 дана;
А й н а - 1 дана;

Сан. жүйе 2 - 1 қабаттағыдай.

3. Мешіт

К і р е р а у ы з .

Аяқ киімге арналған сөре - 8 дана;

2 орынды үстел - 1 дана;

Люстра орташа - 3 дана (комплект, жез);

Үлкен шырақ (фонарь) - 2 дана (үстелге қоюға, жез).

Ү л к е н з а л :

М и н б а р - 1 дана ;

Молдаға арналған үстел - 1 дана;

Аяқты микрофон - 2 дана;

К о л о н к а - 5 дана ;

Люстра орташа - 5 дана (комплект, жез);

Люстра үлкен - 1 дана (комплект, жез);

Шамшырақ (кондиль) - 14 дана;

Шырақ (фонарь) үлкен - 4 дана;

(қ а б ы р . ж е з)

Шырақ (фонарь) кішк. - 2 дана;

(қ а б ы р . ж е з)

Шам - 2 дана.

И м а м б ө л м е с і 1 :

Ү с т е л - 1 дана ;

2 есікті шкаф - 1 дана (әйнек);

2 бөлімді акустик. құрал - комплектілі.

И м а м б ө л м е с і 2 :

2 орынды шкаф - 1 дана (әйнек);

Ү с т е л - 1 дана ;

Әкімшілік орындығы - 2 дана;

Аяқ киімге арналған сөре

9 адамдық сан. жүйе

18 кран комплектілі

Ә й е л д е р з а л ы :

К о л о н к а - 2 дана ;

Люстра - 4 дана.

3 адамдық сан. жүйе. комплектілі:

Қолжуғыш - 2 дана комплектілі.

М ә ж і л і с з а л ы :

К о л о н к а - 1 дана ;

Люстра - 6 дана комплектілі.

2 адамға арналған сан. жүйе комплектілі.

Қ о л ж у ғ ы ш - 2 дана ;

Унитаз - 1 дана комплектілі;
Қолжуғыш - 1 дана комплектілі.

П о д в а л :

Құрал-жабдықтар (жарық, жылу, желдеткіш) комплектілі;

4. Жылу суды есептегіш құрал - 1 дана.

5. Сорғыш (насос)

Ауаның қысымын реттейтін құрал.

Шырақтар саны сыртта - 61.

Айналаны, ғимараттың ішін жарық қылар прожекторлар
комплектісі.

Ғимаратпен, территорияда өртке байланысты белгі берер
комплектісі.

Египет Араб Республикасының

Сыртқы істер министрлігі Зерттеу істері, халықаралық келісімдер және көпжақты құқықтық ынтымақтастық жөніндегі басқармасы

2002 жылғы 17 наурыздағы N 523

Египет Араб Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Зерттеу істері, халықаралық келісімдер және көпжақты құқықтық ынтымақтастық жөніндегі басқармасы Қазақстан Республикасының Қайырмадағы Елшілігіне өзінің құрметін білдіреді және сіздің 27.02.2002 ж. N 150 нотаңызға сүйене отырып, қазақстан тарабы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Египет Араб Республикасының Үкіметі арасындағы "Нұр-Мұбарак" ислам мәдениетінің Египет университеті туралы келісімнің қазақша мәтініне орфографиялық өзгерістер енгізуіне мүмкіншілігі бар екенін хабарлайды. Осы орайда египет тарабы қол қойылған құжатқа сәйкес, Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінді басшылыққа алатынын еске салады.

Египет Араб Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Зерттеу істері, халықаралық келісімдер және көпжақты құқықтық ынтымақтастық жөніндегі басқармасы орайлы сәтті пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының Қайырмадағы Елшілігіне өзінің аса жоғары құрметін білдіреді.

Қазақстан Республикасының елшілігіне

Қайырма қаласы

Қазақстан Республикасының

Ұлттық Ғылым Академиясы

Б Е К І Т Е М І Н

Қ Р Ұ Ғ А Вице - Президенті

Ө . С ұ л т а н ғ а з и н

25 қыркүйек 2002 жыл.

Қазақстан Республикасының Үкіметі және Египет Араб Республикасының Үкіметі арасындағы "Нұр-Мұбарак" Египет ислам мәдениеті университеті туралы Келісімді бекіту туралы" заң жобасы бойынша Үкіметтің заң жобалау қызметін ғылыми-сараптық жабдықтау жөніндегі ҚР ҰҒА Кеңесінің қорытындысы

ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

(ұсынылған материалдар бойынша)

Нысан түрі	Қазақстан Республикасының Үкіметі және Египет Араб Республикасының Үкіметі арасындағы "Нұр-Мұбарак" Египет ислам мәдениеті университеті арасындағы Келісім
Заң жобасының атауы	Қазақстан Республикасының Үкіметі және Египет Араб Республикасының Үкіметі арасындағы "Нұр-Мұбарак" Египет ислам мәдениеті университеті туралы Келісімді бекіту туралы"
Өзірлеуші (басты ұйым)	Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі
Сараптауға ұсынылған материалдар, мақалалардың саны	1. ҚР Заңының жобасы - 1 бет, 1-бап; 2. Түсіндірме жазба - 4 бет; 3. Келісімнің мәтіні - 5 бет; 4. Египет Араб Республикасы СІМ-нің хаты - 1 б е т . 5. Анықтамалық қағаз - 2 бет.
Келіп түскен күні	23-тамыз 2002 жыл.
Орындалу мерзімі	25-қыркүйек 2002 жыл.

САРАПТАУ БАҒАСЫ

жеке параметрлер бойынша ПАРАМЕТРЛЕР

БАҒА ЖӘНЕ НЕГІЗДЕМЕ

I. Заң жобасының өзектілігі (уақыттылығы, мақсатқа лайықтылығы немесе мезгілсіздігі, оны қабылдау қажеттілігінің жоқтығы)

Египет ислам мәдениет университетін құру, біріншіден, араб және қазақ халықтары арасындағы өзара қарым-қатынас тарихын оқып-үйренуге жәрдемдесетін болады, олардың тамыры ескілікке кетеді; екіншіден, маңызды мәдени-білім беру мекемелерінің санын ұлғайтады; үшіншіден, қоғам өмірінде нағыз исламның маңызы мен ролін ұғынуға жәрдемдесетін болады; төртіншіден, ислам паналап діни экстремизмнің таралуына қарсы әрекет шараларын жасаудың құралы болады; бесіншіден, қазақ, египет халықтарының мәдениеттерінің дамуына жәрдемдесетін болады.

II. Конституцияның заң жобаларының ҚР заңнамалық актілеріне сәйкестігі туралы. Осы заң жобасы қабылданған жағдайда қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттігі.

Заң жобасы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келеді. Республика Конституциясының 8-бабында халықаралық құқық қағидалары мен нормаларын құрметтейді, мемлекеттер арасында ынтымақтастық саясаты мен ізгі көршілікті қарым-қатынас жүргізеді деп жазылған. Осы жоба аталған конституциялық ережені іске асыруға бағытталған. Бұл Келісімнің өз мәтінінде: "Осы оқу орны Қазақстан Республикасы мен Египет Араб Республикасы арасындағы достық қарым-қатынастың символы болып табылады" деп бейнеленген.

III. Заң жобасы нормаларының ішкі жетілмегендігі.

Кемшіліктер мен ескертпелер

"Білім туралы" ҚР қолданыстағы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу талап етілмейді. Солай болғандықтан онда оқу орнының екі түрінің жұмыс істеуі көзделген: мемлекеттік және мемлекеттік емес. Мемлекеттік емес оқу орындары зиялы да, зиялы емес те, діни де болуы мүмкін.

IV. Заң жобасымен қамтамасыз ететін ашық немесе жасырын ведомстволық немесе топтық мүдде. Заң жобасын жақтаушы және қарсы лоббистердің болуы мүмкін дәлелдері. Сараптаудың ғылыми негізді қарсы дәлелдері.

Заң жобасы не ашық, не жасырын ведомстволық топтық мүддеден тұрмайды. Республика Парламенті бекіткен жағдайда университет ғимаратымен, құрылысымен және барлық қажетті жабдығымен ақысыз алады, ол мәдениетті пайдалануға, тәрбие мен оқуды еркін таңдауға азаматтардың Конституциялық құқығын жүзеге асыруға жәрдемдесетін болады.

Заң жобасын әзірлеушілер - Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Египет Республикасының Үкіметі Келісім мәтінін талдаудан көруге болатынындай, жоғары білімді рухани қызмет етушілерді, исламтанушыларды, араб тілі мен әдебиетінің оқытушыларын, аудармашыларды және т.б. уақыт талабына лайық дайындау үшін жағдай жасаудан басқа өзге мақсаттардың ізіне түспейді.

V. Заң ретінде осы заң жобасын қабылдағаннан кейін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын іске асыру мүмкіндігі.

Келісім жобасы университеттің коммерциялық емес заңды тұлға болғанын көздейді. Сонымен бірге екі мемлекеттің өкілдерінен тұратын Қамқорлық Кеңесі, болуы мүмкін сыбайлас жемқорлықтық құқық бұзушылыққа қарсы кепіл болады деп ойлайды.

VI. Заң жобасын қабылдаудың нақты болуы мүмкін және болжамды тарихи, экономикалық, әлеуметтік зардаптары және олардың бағасы.

Осы сараптау қорытындысының 1-тармағында осы келісімді бекітудің нақты болуы мүмкін және болжамды оң әлеуметтік және рухани зардаптары көрсетілген. Зайырлы мемлекет жағдайында діни оқу орнының жұмыс істеуі университет жарғысымен, және Республиканың заңдарымен рұқсат етілген шеңберден шығудың ықтимал мүмкіндігін өзінде ұстап тұр, ол діни идеологияны қалыптастыруда ғана емес, бірақ және мемлекеттік идеологияға оның ықпал ету әрекеттерінде де көріне алады. Ал бұл Қазақстан сияқты зайырлы мемлекеті үшін тиімді емес.

VII. Заң шығару техникасының ережелерін сақтау және "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңға сәйкестігі.

Келісімді заң шығарушы техниканың көзқарасымен мінсіз деп мойындауға б о л м а й д ы .

1) Қазақстан тарапынан кімнің Университеттің құрылтайшысы болып табылатыны анық емес. Қазақстан мемлекеті, оның органдары (Үкімет, Республиканың Министрліктері) өзінің зайырлы сипаты күшіндегі діни оқу орнының құрылтайшысы болуы мүмкін емес. Қазақстан тарапынан "Нұр-Мұбарак" университетінің құрылтайшысы тек қана Қазақстан мұсылмандарының Діни Басқармасы болуы мүмкін, оның бас Мүфтиі Келісімнің жобасында Университеттің Қамқорлық Кеңесі мүшелерінің бірі ретінде саналады. Неге заң жобасының 3-бабында Қазақстан тарапынан Қазақстан мұсылмандарының Діни Басқармасы университеттің құрылтайшысы болып табылады деп көрсетпеске?

2) 3-бапқа сәйкес Университеттің қызметін қаржыландыруды оның құрылтайшылары жүзеге асыратын болады, оларды Тараптар белгілейді. Заң жобасында Қазақстан тарапының құрылтайшылары анықталмаған. Қазақстан тарапынан Қамқорлық Кеңесінің мүшелерін Университеттің құрылтайшысы деп санауға бола ма? Болмайды. мемлекеттік органдар мемлекеттік емес діни оқу орнын қаржыландыру мәселесімен айналыса алмайды. Конституцияның 5-бабының 2-тармағына сәйкес қоғамдық бірлестіктерді мемлекеттік қаржыландыруға рұқсат е т і л м е й д і .

Қорытынды: 1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы мемлекеттік емес діни оқу орнының құрылтайшысы ретінде билік жүргізе алмайды; 2) мемлекеттік органдар діни оқу орнын қаржыландыра алмайды.

Осыған байланысты заң жобасының 3-бабын тек оның Қазақстан Республикасы

Конституциясының ережелеріне сәйкес келуін, шекті анық жазылуын ұсынамын. Заң жобасының 3-бабының мынадай болуы мүмкін нұсқасын ұсынамын:

3-бап. "Нұр-Мұбарак" Университетінің құрылтайшысы:

Е г и п е т т а р а п ы н а н - . . .

Қазақстан тарапынан - оның тілегін білдіруіне сәйкес Қазақстан мұсылмандарының Діни Басқармасы болып табылады

VIII. Заң жобасының сапасы мен қажеттілігі туралы жалпы қорытынды, оны қабылдау және қабыл алмау жөніндегі ұсыныстар.

Жалпы алғанда заң жобасының сапасы және қабылдау қажеттілігі ерекше қарсылықтар мен ескертулерге әкеп соқпайды. Бекітуге ұсынылып отырған Келісім Қазақстан мен Египет халықтары арасындағы достық қарым-қатынастарды дамыту үшін сөзсіз көңіл аударарлық маңызға ие болады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі және Египет Араб Республикасының Үкіметі арасындағы "Нұр-Мұбарак" Египет ислам мәдениеті университеті туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы мақұлдансын және ол Парламенттің қабылдауына ұсынылсын.

IX. Сараптаудың басқа да ескертулері, пікірлері және ұсыныстары

ҚОРЫТЫНДЫЛАР ЖӘНЕ ҰСЫНЫСТАР

ҚР ҰҒА-ның Үкіметтің заң жобалау қызметін

ғылыми-сараптық жасақтау жөніндегі Кеңесінің

2002 жылғы 25 қыркүйектегі N 8 Хаттамасы

Қазақстан Республикасының Үкіметі және Египет Араб Республикасының Үкіметі арасындағы "Нұр-Мұбарак" Египет ислам мәдениеті университеті туралы Келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының ұсынылған жобасы ҚР Үкіметі Мәжілісінің қарауына қабылдауға ұсынылсын.

*Үкіметтің заң жобалау қызметін
ғылыми-сараптық жабдықтау жөніндегі*

ҚР ҰҒА Кеңесінің хатшысы